

Теміртаулықтарды көп мәселе толғандырады
2-бет



«Самұрықта» самғаған сұңқарлар
5-бет



Алматыдан абыроймен оралды
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 31 ҚАЗАН, 2024 ЖЫЛ №122 (23 444)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

«Бастаумен» бизнес бастағандар

Елімізде орта және шағын бизнеспен айналысатындар қатары көбейіп келеді. Өйткені, Президенттің бастамасымен кәсіпкерлікке қолдау көбейіп, қолайлы жағдай жасалып отыр. Жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант секілді тиімді тетіктері бар бизнес бағдарлары баршылық. Әсіресе, «Бастау Бизнес» жобасы көптеген кәсіпкерге жол ашты. Бұл бағдарлама арқылы көпбалалы отбасындағылар да, мүмкіндігі шектеулі жандар да, асыраушысынан айырылғандар да грантка қол жеткізіп, кәсіптерін дөңгелетіп, басқаларға да жұмыс беріп отыр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллаж жасаған Ш.Аманжолқызы

► 4-бет



Президент тапсырмасын орындай отырып...

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»
ГАЗЕТІНЕ

Kaspi QR
АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу барысында жеке жазылушылар үшін жаңа мүмкіндік туғанын хабарлаймыз!

Сіз ұялы телефоныңыздың kaspi.kz қосымшасындағы QR арқылы төлем жасап, сүйікті басылымыңызға жарты жылға немесе бір жылға жазыла аласыз.

Ол үшін суреттегі кодты енгізіп, жазылу кезеңі (жарты жыл немесе бір жыл) мен мекенжай бағанын толтырасыз да, Сізге автоматты түрде ұсынылған соманы төлейсіз.

Бұл мүмкіндік тек жеке жазылушылар үшін ғана екенін естеріңізге саламыз! Сондай-ақ, QR-код арқылы жазылушылар үшін қала, ауыл тұрғындарына бірыңғай баға (жарты жылға – 3074,60 тенге, бір жылға – 6149,20 тенге) ұсынылады.

Ғасырға жуық тарихы бар басылыммен 2025 жылда да бірге болыңыздар!

• РЕСМИ

Кәсіби стандарт әзірленді

Елімізде жаңадан «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» кәсіби стандарты әзірленді. Бұйрық жобасы «Ашық НҚА» порталында орналастырылған. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген стандарт кәсіпорындарда қауіпсіздік техникасын сақтауға жауапты қызметкерлерге қажетті дағдылар мен құзыреттерді айқындайды.

– Нормаларды «Ашық НҚА» порталында 2024 жылғы 11 қарашаға дейін талқылауға болады. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» кәсіби стандартын қабылдау еңбекті қорғауды басқару жүйесін жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және жетілдіру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды белгілеуге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі басшылар мен мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын біріздендіруге мүмкіндік береді, – деп түсіндірді министрліктің баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бағдарламаларын қалыптастыруға, бейінді мамандарды даярлауды жоспарлы және дәйекті қамтамасыз етуге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі басшылар мен мамандарды қайта даярлауға немесе олардың біліктілігін арттыруға қойылатын талаптарды белгілеу ұсынылады.

Министрлікте айтқандай, кәсіби стандарт ресми, сондай-ақ, бейресми және ақпараттық оқыту нәтижелерін тануға негіз береді. Одан бөлек, біліктілікті кәсіби орта ретінде бағалауға және тануға қол жеткізу үшін жағдай жасайды.

Өз тілшімізден



Сурет ашық деректен



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	10447,44
		12 ай	5882,60
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	6 ай	20894,88
	4116 тенге	12 ай	3386,60
			3074,60
			6149,20

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• БАСПАСӨЗ – 2025

Газетке гаджетпен жазылдық

Ормандай оқырманы бар «Ortalyq Qazaqstan» газетінің сайтынан басылымға «Kaspi.kz» банк қосымшасы арқылы жазылуға болатынын оқып қалдық. Содан QR код арқылы газетке жазылдық.

Біз аймағымыздың бас басылымына әрқашан құрметпен қараймыз. Жұмыс үстелімізде жатады. Көзімізге түскен мақалаларды астын сызып оқимыз. Қаламы қарымды әріптестеріміздің салмақты сараптамаларын, өткір көтерген проблемаларын үзбей қарап отырамыз. Расы керек, кейде телеарнадағы әріптестерімізге сол мәселе бойынша бағыт беремін. Телеарнада көрсетілген сюжеттерімізді мақала күйінде газеттен көреміз. Бұл дегеніміз – әріптестік ынтымақтастықтың күштілігі.

Редакцияның замана көшінен қалмай, жаңғырып, даму үдерісінен қол үзбегендігіне ризамыз. Мінекей, оқырмандарына оңтайлы етіп, жазылымның жаңа түрін қолға алған екен. Сәтті болсын, оқырманы көбейсін! Біз де белсенді оқырманы ретінде, банк қосымшасы арқылы жазылдық. Енді ондағы журналистердің жазары көп болсын дейміз.

Берік ДҮЙСЕТАЕВ,
«Saryarqa» телеарнасының директоры



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 531.28

• USD/KZT 491.70

• RUB/KZT 5.02

• CNY/KZT 68.90

Қазақстан Ұлттық Банкінің 30 қазан, 2024 жылғы дерегі бойынша



Теміртаулықтарды көп мәселе толғандырады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртау қаласы мен Ақтау кентінің тұрғындарымен кездесіп, оған облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары қатысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында аталған өңірлер халқын толғандыратын мәселелер көп екендігі белгілі болды. Бұған дейін Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімовтің олармен жүздесуі болғандықтан облыс әкімі бірден әңгімеге көшті.

Ермағанбет Қабдулаұлы өз сөзінде ең бірінші кезекте қаланы сапалы жылумен қамтамасыз ету жайына тоқталды. Бұл әлі де басым міндеттердің бірі болып қала беретінін айтып, осы бағытта атқарылған жұмыстарды саралады. Атап айтқанда, осы жазда қалада магистралдық желілер ғана емес, орамшылқ желілер де жөнделген. Келесі жылға да сол бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.

Жалпы, алдыңғы кездесуден кейін біраз шаруалар тындырылды. Біздің басты міндетіміз – қыс уақытында қала халқын үзіліссіз, сапалы жылумен қамтамасыз ету. Оны алдағы жылы да жалғастырамыз, – деді облыс әкімі. Қазір сараптаманың оң қорытындысы бар жалпы ұзындығы 12,3 шақырым болатын жылу желілерінің бес учаскесін жанартуға ЖСҚ дайын.

Одан әрі Ермағанбет Қабдулаұлы тұрғындарды ашық әңгімеге шақырып, олар қойған сұрақтарға жауап беріп, керек жерінде облыстық басқармалар мен департаменттер, қалалық әкімдік пен қызмет саласы басшыларына тапсырмалар беріп отырды.

Теміртау қалалық Мәдениет сарайында өтіп, екі сағатқа созылған кездесуде тұрғындар жалпы қала мен нақты аудалардағы жағдайды ортаға салды. Мәселен, олар ТКШ жұмысын ширату, алтыншы шағын ауданда кәріз коллекто-



рын салу қажеттігі мәселесін көтерді. Бұл жөнінде қала әкімі Ғалым Әшімов қажетті есептеулер жүргізілгенін хабарлады.

Ал, кездесуде Ақтау кентіне орталық қазандық керектігі де айтылмай қалмады. Бүгінде оның жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамада жатқан көрінеді. Соның оң қорытындысынан кейін қаржыландыру мәселесі де шешілетін болады.

Теміртаулықтарды ашық жатқан құдықтар да алаңдатады екен. Адамдардың қауіпсіздігі басты мәселе екенін айтқан облыс әкімі оларды дереу жауып тастау қажеттігін тиісті сала басшыларына міндеттеді. Сондай-ақ, қоғамдық көлік мәселесі қозғалғанда, облыс әкімі бұл жайттың өзіне белгілі екенін және келіссөздер нәтижесінде жаңа тасымалдаушы

табылғанын мәлімдеді.

Ойын алаңдарының жағдайы, мектептер маңын жарықтандыру, қоқыс қалдықтарын бөлек жинау, қанғыбас иттерден келетін қауіп те қала тұрғындарын мазалайтыны аңғарылды.

Ермағанбет Бөлекпаев кездесуге қатысушыларға қала өміріне немқұрайлы қарамайтыны үшін алғысын білдіріп, осы кездесуде көтерілген мәселелердің бірде-бірі ескерусіз қалмайтынына сендірді.

Кездесу соңында облыс әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ТЕМІРТАУ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дайын депо, жаңарған жол

Теміртау қаласында өрт сөндіру депосы ашылуға дайын. Оның қажеттілігі жайлы көптен бері айтылып келген. Бұл мәселе облыс әкімдігінің қолдауымен қолға алынып, бұрынғы өрт сөндіру бөлімінің үш қабатты ғимаратының күрделі жөндеуіне қаражат бөлінген еді.



Қуатты өңір

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жолы Теміртау қаласына барған сапарында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев оның жөндеу жұмыстарымен танысып, құтқарушылар үшін қандай жағдай жасалғанын көрді. Қазірде бітуге таяп қалған оны қайта жасақтау техникалық жарактандыруды жақсартып қана қоймай, қызметкерлер үшін қолайлы мүмкіндіктер береді. Яғни аталған ғимараттың бірінші және

даярлауға арналған оқу мұнарасы да болады. Мұның өзі құтқарушылардың жедел әрекет етуін арттырып, қиын жағдайға тап болған адамдарға көмекке тез жетуін қамтамасыз етпек.

Сондай-ақ, Ермағанбет Қабдулаұлы қаланың Металлургтер даңғылындағы күрделі жөндеу ісімен де танысты. Екі жылға арналған бұл жоба бойынша көптеген жұмыстар кешені қарастырылған. Ол жол төсемін ауыстыру, жүргіншілердің аяқжолын салу, гүлзар аймағын абаттандыру, нөсерлі кәріз мәселесін шешу, мүгедектерге бейімделген алаңдарды қоса алғанда веложолдар, спорт және ойын алаңдарын құруды қамтиды.

Даңғылдың екі жағының ұзындығы шамамен үш шақырым болады. Бүгінгі



екінші қабаттарында әкімшілік-тұрмыстық бөлмелер, өрт сөндіру техникаларының гаражы орналасса, үшінші қабатында жеке құрам мен олардың отбасыларына арналған пәтерлер бар.

Бұл ғимаратты күрделі жөндеу барысында оның ескірген қасбеті жаңартылып, ол үшін желілі панельдер пайдаланылған. Енді мұнда есіктерін орнату мен жиһаздарын қою ғана қалды. Өрт сөндірушілерді

таңда оның бір жағындағы Республика даңғылынан Абай көшесіне дейінгі аралықта жұмыстар аяқталып, жол белгілері орнатылып, енді жолдың бұл бөлігі таяуда ашылмақ. Ал, оның екінші жағын да асфальттау басталып, Бейбітшілік даңғылынан Амангелді көшесіне дейінгі бөлігіндегі жұмыстар келесі жылдың көктемінде жалғаспақшы.

ТЕМІРТАУ

Суреттер автордан



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

«Отау» – отбасына қолдау

Қарағандыда 1 қараша «Наурыз» және «Отау» жаңа ипотекалық бағдарламалары бойынша тұрғын үй сертификаттарын алуға өтініш қабылдау басталады. Бұл туралы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі хабарлады.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік көмекті келесі санаттағы кезекте тұрғындар пайдалана алады. Ұлы Отан соғысының ардагерлері және жеңілдіктері бойынша оларға теңестірілген ардагерлер. Сондай-ақ, басқа мемлекеттер аумағында соғыс әрекеттерінің ардагерлері. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар. Мүгедек балалары бар немесе сондай бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Тізімді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар. Жасы бойынша зейнеткерлер. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Қандастар. Экологиялық зілзалалардың, та-

биғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар. Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқару, әскери қызмет, адам өмірін құтқару, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың) отбасылары. Толық емес отбасылар.

Мемлекеттік қызметке өтініш «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі (egov.kz). Қажетті құжаттар



Тұрғын үй
сертификаттарын
беру

тізіміне электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық өтініш, халықтың әлеуметтік осал топтарын қоспағанда, жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі (мүгедек балалар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар). Соңғы 6 айдағы кірістер туралы анықтама. Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның сомасы, мөлшері және ай сайынғы төлем сомасы туралы мәліметтерді қамтитын өтініш берушіге тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы екінші деңгейдегі банк хатының электрондық көшірмесі енуі шарт.

Толығырақ ақпарат алу үшін төмендегі мекенжайға хабарласуға болады. Қарағанды, Чкалов көшесі, 7, 301 кеңсе. Байланыс телефоны: (8-7212) 95-56-01. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма, 09:00-ден 18:30-ға дейін, түскі ас 13:00-ден 14:30-ға дейін.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ:

Реформа – сот тәуелсіздігінің кепілі

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен сот жүйесін жүйелі түрде жаңғырту жалғасуда. Атап айтар болсақ, жыл сайын сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігіне қатысты іс-шаралар жалғасын келеді. Осылайша – кез келген даудың нүктесін қойып, әділ үкім шығару болған судьяның шешіміне ешкімнің араласуына, не пікірін тықпалауға жол берілмейді. Адам құқықтары мен бостандықтары талқыға түскен шақта істің ақ пен қарасы айқындалып, ақтық үкім шығарылатын жер де осы – сот. Демек, әділ сотқа деген халық сенімінің күшеюі, ел кемелділігінің көрінісі сот төрелігін жүргізетін судья жұмысының мінсіздігіне тікелей байланысты. Ал, бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – сот саласындағы реформалар. Оның жүйелі түрде жалғасуы. Себебі, Президент айтпақшы, «Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму мүмкін емес. Бұл – ақсома, ақиқат». Осы орайда Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің құрылуы зор қадам деуге болады. Себебі, әкімшілік – сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуші бірден бір орган. Ал, бұл – Президент қадап айтқан маңызды басымдықтың бірі. Осы орайда Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Мирлан Қызыловпен сұхбат құрып, әңгіме барысында реформалар сот жүйесін қалай өзгерткені жайлы білдік...

– Мирлан Ахмедияұлы, жүргізіліп жатқан сот реформалары арқылы маңызды өзгерістер орын алғанын білеміз. Соның бірі – Сот әкімшілігінің құрылуы. Аталған орган қашан құрылды және қандай қызмет атқарады?

– Сот әкімшілігі – сот төрелігінің

лен, қанша іс қаралды, қаралу мерзімі бұзылды ма, азаматтар шешімді уақытылы алды ма, орындаушылық талаптар, арыздар қалай қарастырылады? Соттардың жүктемесі қандай? Соның барлығына талдау жасалады. Қазақ «Құлақпен естігенше, көзбен көрген артық» деген сөз



қорытындылар алынуы мүмкін. Мұндай жағдайларда қорыту (талдау) ден қою шараларын қабылдай отырып, тиісті соттың жалпы отырысында міндетті талқылауға жатады.

Бірақ, Сот әкімшілігі департаментінің сот төрелігіне араласуға құқығы жоқ. Оған процесік тұрғыда тыйым салынған.

– Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Солай бола тұра, соттағы істердің дені орыс тілінде қаралатыны жасырын емес. Мұны мен байланыстыруға болады? Сот жұмысын қамтамасыз ететін орган ретінде бұған не дей аласыз?

Бұған да мемлекеттік тұрғыдан серпілік керек. Біз де істердің қазақ тілінде жүргізілуіне мүдделіміз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесік кодексінің 30-бабында: «Сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады» делінген, яғни бұл заң талабы.

Ал, сот саласын қазашаландыру үшін «Мемлекеттік қайрағы – ұлттық намыс» деген ұранмен жұмыс істеу керек сияқты. Сондай-ақ, қазақтардың өздері арызды қазақ тілінде жазуына деген ынта-ықы-

« Бұған дейін Сот төрағалары әкімшілік-бюрократиялық, оның ішінде кадр жұмысы, материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, ұйымдастыру-талдау жұмыстарын өзі басқаратын. Бұл елімізде сот саласында жүргізіліп жатқан реформалардың желісі бойынша келген кезде, Төрағалардың конституциялық тағайындауларына қайшы келді. Осылайша, жаңадан пайда болған орган оның бәрін өзіне алды. »

ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуші орган. Оның негізгі бастамасы – 2021 жылғы 15 қазанда сот жүйесіне қатысты, яғни, сот әкімшілігін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы Президенттің Жарлығы. Соған байланысты «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Заңға өзгерістер енгізіліп, «Сот әкімшілігі» деген жеке тармақ пайда болды. Содан кейін, 2023 жылғы 19 қаңтарда Жарлық шықты. Яғни, Сот әкімшілігі туралы республикалық дәрежеде ереже қабылданды. Сөйтіп, облыстарда, Астанада және республикалық маңызы бар қалаларда Сот әкімшіліктері пайда болды. Оған дейін бұл Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының жанындағы Соттардың жұмысын қамтамасыз ету департаменті болған. Жалпы, мемлекеттік мекеме ішіндегі бір құрылымдық бөлімшесі деп айтуға болады. Енді, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығынан кейін жеке мемлекеттік институттық органға айналып, соттың жұмысын қамтамасыз етеді.

Бұған дейін Сот төрағалары әкімшілік-бюрократиялық, оның ішінде кадр жұмысы, материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, ұйымдастыру-талдау жұмыстарын өзі басқаратын. Бұл елімізде сот саласында жүргізіліп жатқан реформалардың желісі бойынша келген кезде, Төрағалардың конституциялық тағайындауларына қайшы келді. Осылайша, жаңадан пайда болған орган оның бәрін өзіне алды. Енді Төраға Конституциялық заңға сәйкес, сот төрелігін жүзеге асырушы тұлға ретінде ғана қызметін атқарады. Бұл – судья тәуелсіздігінің кепілі. Атап айтқанда, өзгеріс аппараттық жұмысты жетілдіруге бағытталған. Қазір республикада осындай 22 әкімшілік бар.

– Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің міндеттеріне тоқталсаңыз, қарамағыңызда қанша қызметкер бар?

– Департаменттің 27 филиалында мыңға жуық қызметкер жұмыс істейді. Жалпы, облыста штат бойынша 230-дан астам судья қызмет ете, қалғандары – мемлекеттік қызметшілер мен техникалық қызметшілер. Жаңа департамент осы үлкен аппараттық жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Департаменттің бірнеше міндеті бар. Оның біріншісі – ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыс. Екіншісі – ақпараттық-талдаушылық. Үшіншісі – материалдық-қамтамасыз ету.

Жеке-жеке талдасақ, ұйымдастырушылық-құқықтық дегеніміз – облыстағы соттардың құрылғанынан бастап, барлық өту сатыларына департамент жауап береді. Яғни, бір жерде сот ашылуы керек болса, жоғары жақтан ұсыныс бізге келеді. Кадр әлеуеті, судьяларды оқыту, олардың біліктілігін арттыру, жұмысқа тағайындау, еңбек демалысын беру, жалақысын төлеу, барлығы біздің құзыретімізде.

Ақпараттық-талдау жұмысын жүргізу барысында сот жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында олардың жұмысына статистикалық бақылау жасаймыз. Мәсе-

бар. «Әр ауданның соты қандай жағдайда, материалдық-техникалық түрде жабдықталған ба? Не жетіспейді?» деген сұрақтарға жауап алу мақсатында аудандар мен қалаларды араладық. Тіпті, басшылар



аяқ баспаған жерлер де бар екен. Барған кезде жұмыстағы кемшіліктер назарға алынып, жетілдіру жолдары талқыланады. Бұл жұмыс бағытымызға серпіліс беру үшін қажет. Келгеннен кейін өзара талқылап, қандай да бір нәтиже шығаруға тырысамыз.

– Демек, сот төрелігінің әділ атқарылуы тікелей сіздердің жауапкершіліктеріңіз...

– Әрине. Солай деуге де болады. Осы орайда айта кету керек, біздің міндетімізде сот тәжірибесін талдау деген бар. Яғни, қандай да бір істі қарастыру кезінде кеткен олқылықтар, немесе, қайшылықтар болса, алдымен, соның барлығына талдау жасалады. Кейін оны жоғары тұрған Сот әкімшілігіне жібереміз. Сол жақта зерделеніп, басқа облыстық соттардағы тура осындай жағдайлардың барлығы салыстырылып, кейін ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы болып шыға келеді. Ол заңнаманың құрамдас бөлігі ретінде кейін соттың жұмысында пайдаланылады.

Сот практикасын қорыту (талдау) өте маңызды. Мақсаты – сот практикасының проблемаларын зерделеу, заңнаманы біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, құқықтық олқылықтар мен қайшылықтарды анықтау болып табылады.

Сот практикасын зерделеу және қорыту (талдау) соттардың қызметін жақсарту құралдарының бірі болып табылады, алынған нәтижелерді іске асыру үлкен практикалық мәнге ие. Қорыту (талдау) барысында істерді қарау кезінде заңдылықты бұзу не соттардың заңнаманы әр түрлі қолдануы туралы мәліметтер не

« Департаменттің 27 филиалында мыңға жуық қызметкер жұмыс етеді. Жалпы, облыста штат бойынша 230-дан астам судья қызмет етеді, қалғандары – мемлекеттік қызметшілер мен техникалық қызметшілер. Жаңа департамент осы үлкен аппараттық жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. »

– Өте орынды. Осы орайда департаментке жүктелген бір міндет тілге қатысты екенін айту керек. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардан сотқа түсіп жатқан материалдар зерделенеді. Статистикаға сүйенсек, 2022-2023 жылдардағы статистика бойынша облыс соттарында жалпы сот істерінің небары 8,84 пайызы ғана мемлекеттік тілде қаралған. Ал, тұрғындардың басым бөлігі – қазақтар. Олай болса, «Сотқа неге орыс тілінде жүгінеміз?» деген сұрақ туады. Азаматтардың өздері құқық құрғау органдарына жүгінген кезде арызды әуелі ресми тілде береді. Немесе жәбірленуші қазақ азаматы құқық қорғау органына келгенде тергеуші орыстілді болғандықтан, істі орыс тілінде қарауға келіссіз деген қағаз жаздырып алады. Яғни, адамның конституциялық құқығы бұзылады. Одан бөлек, сотқа келіп түсетін істердің 10 пайызы қазақ тілінде, ол бойынша тағайындалған сараптамалардың барлығы орыс тілінде. Неге? Осыған орай, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы Сот сараптамалары орталығында қазақ тілінде неге мамандар жоқ?» деген мәселені көтергіміз келіп отыр. Одан бөлек, бейресми деректер облыстағы 500-ден астам қорғаушының 10 пайызы ғана қазақ тілінде қорғай алатынын көрсетеді.

ласы пайда болуы керек. Өкінішке қарай, халық мұны түсінбей келеді. Сот осыған қадам жасауда. Сондықтан, құжат айналымы бойынша жұмыс ауқымды. Мысалы, Қарағанды облысы әкімдіктерінен 226 іс келіп түссе, оның 87-і ғана қазақ тілінде. Білім басқармасынан келген 157 істің 17-і ғана қазақша. «Мемлекеттік тілдің қайрағы – ұлттық намыс». Намыс болмаса, айғайымыз бос әуре. Бұл үшін жасымайтын жігерің, уәжді сөзің болуы керек.

– Еуропалық комиссияның зерттеуі бойынша Қазақстан соттарында

IT-технологияларды пайдалануда 47 елдің ішінде төртінші орында. Цифрландыру сот жүйесін, оның ішінде облыстың сот жүйесін қалай өзгертті?

– Иә, қазір бәрі автоматтандырылған. Бұрын әр судья өзі қалаған істі ғана қараса, қазір істерді автоматтандырылған бөлу қағидаларымен компьютерде жүргізіледі. Арыз тіркелгеннен кейін судьяның жүктемесіне, кім қандай істі қарап жатқаны, қай тілде қарайтынына орай беріледі. Одан бөлек, сот шешімі шыққаннан кейін электрондық цифрлық қолтаңба қойылады. Содан кейін ғана ол бірден азаматқа қолжетімді болады. Егер цифрлық қолтаңба қойылмаса, рейтингте электрондық қолтаңба қойылмады деп шыға келеді. Бұл бағыттағы жұмысты Сот әкімшілігі департаменті күнделікті өз бақылауында ұстап отырады.

Бүгінгі күні сот жүйесінде азаматтардың жедел ақпарат алуы үшін соттардың чат-боттары да енгізілген, олардан кез келген ақпаратты лезде алуға болады, сот жүйесі қызметкерлері үшін «Сот тәжірибесі» және «Сот талдауы» сервистері пайдаланылады. Бірінші және апелляциялық инстанциялардың судьялары бойынша сервис миллионнан астам сот актілерін қамтиды және іс бойынша жан-жақты сот ақпаратын береді (талаптың мәні, санаты,



Президент тапсырмасын орындай отырып...

нәтижелері және басқасы). Сервис жасанды интеллект енгізу арқылы мәтінді өңдеу технологиясын (мәтінді талдау және іздеу) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жетілдірілген IT-технологияларды кеңінен енгізу және ақпараттық жүйелерді біріктіру сот төрелігінің ұтқырлығы мен ашықтығын айтарлықтай арттырады және сонымен бірге сот ісін жүргізудегі сыйбалас жемқорлық әлеуетін азайтады.

Сот төрелігіне қол жетімділіктің артуын біз, ең алдымен, қарапайым пайдаланушы үшін, яғни Қазақстан Республикасы халқы үшін сотпен кедергісіз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін ыңғайлы және түсінікті құралдарды жасаудан көреміз.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін біз бұл құралдарды Жоғарғы Соттың www.sud.gov.kz интернет-порталына шоғырландырдық.

Сонымен, сот төрелігінің ашықтығын арттырудағы маңызды қадам барлық соттардың Интернет-ресурстарының жұмысын аудандық деңгейге дейін жаңғырту болды.

Жасанды интеллект біраз жерде қолданылады. Мысалы, біраз істерде қолданылуда Жол-көлік оқиғалары бойынша «Еуроқаттама» бар. Екі тарап өзара келісіп, толтырып, ол бірден сотқа түседі. Сот үш күнде шешім шығарады да, шешімін қолға береді. Бұрынғыдай 15-20 күндей күтудің қажеті жоқ. Әлбетте, келтірілген шығын белгілі бір шектен аспауы керек. Бірақ, жасанды интеллект қанша болжам бергенімен, соңғы шешімді қабылдайтын адам – судья.

« Қарағанды облысы әкімдіктерінен 226 іс келіп түссе, оның 87-і ғана қазақ тілінде. Білім басқармасынан келген 157 істің 17-і ғана қазақша. «Мемлекеттік тілдің қайрағы – ұлттық намыс». Намыс болмаса, айғайымыз бос әуре. Бұл үшін жасымайтын жігерің, уәжді сөзің болуы керек. »

– Статистикалық деректер бүгінде азаматтық талаптардың 90 пайыздан астамы электронды түрде берілетінін көрсетеді. Сот процесіне қатысушылар сотқа өтініш беруден бастап, істі түпкілікті шешуге дейінгі барлық процесі «цифрлық бақылауда» ұстай алады. IT-технология сот жұмысын қаншалықты жеңілдетті?

– Бұған дейін сот талдауы және сот ісінің нәтижесін болжау бойынша бағдарлама әзірленген болатын. Судьялар өзге әріптестерінің осындай істер бойынша шешімдерін көре алады. Бұл дұрыс емес сот актісін қабылдаудан ажал етеді. Тағы бір қызықты сервис – жасанды интеллект алгоритмдеріне негізделген істің нәтижесін болжау. Процесске қатысушылар бастапқыда өз ісінің нәтижесінің ықтималдығын түсінеді. Түпкі мақсат – сот төрелігін болжамды ету.

Жалпы, белгілі бір құқықтық дауға байланысты қалыптасқан тәжірибе болады. Сол тәжірибені республика деңгейінде көре аламыз. Мұнда бағдарламаны негізгі өлшем ретінде алынған. Яғни, қызыл түспен шешімі жоқ даулар көрсетіледі. Мысалы, азамат жер дауы бойынша сотқа жүгінгісі келді делік. Ол осы жағдайға қатысты республика бойынша қаралған істердің шешімін көре алады. Яғни, цифрлық талдау бөлігіне жазған кезде осындай істердің бірнешеуі көрсетіледі. Үш түсте пайыздарын көрсетеді. Жасыл болса, жеңіп шығуға үміт бар. Қызыл болса, үміт жоқ. Істің шешілу болжамы пайыз түрінде. Пайыз төмендеген сайын ұқсас іс бойынша оң нәтиже болмайды.

Болашақта тұрғындар осы бағдарламаны пайдалану арқылы өнбейтін дау үшін сотқа жүгініп, уақытын алмайды. Тағы бір тиімді тұсы – құқықтық көзқарасы қалыптаспаған адамдар істі оның пайдасына шешіп беремін деп, ақша алуды көздеуін адвокаттарға алдандан сақтандырылады. Бұл – болжам. Келешекте бағдарлама қолжетімді болса, азаматтар соттың есігін қағып жүрмейді. Сондай ұстанымдымыз бар.

– Мирлан Ахмедияұлы, әңгімеңізге рахмет. Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Салтанат ІЛІЯШ
«Ortalyq Qazaqstan»



«Бастаумен» бизнес бастағандар

(Соңы. Басы 1-бетте).

Биыл грантка ие болғандар жетіп артылады. 178 жаңа кәсіпкер қайтарымсыз гранттың қайырымын көріп отыр. Оларға жалпы 262,5 млн қаржы бөлінген. Әр кәсіпкерге ең көбі 1 480 000 теңге қаржы тағайындалған.

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова бұл жолғы гранттың көбін қолбалалы отбасындағылар алды дейді.

«Бастау Бизнес» гранты өз кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашып, өндірісін жолға қойып, оны дамытып, сол арқылы өзін тұрақты табыспен, өзгені жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. Биылғы гранттың дені қолбалалы отбасындағыларға бұйырды. Нақтылап айтсақ, 106 отбасы грантка қол жеткізіп, өздерінің түрлі кәсібін жолға қойып отыр. Қалған 44-і – мүмкіндігі шектеулі жанға, 18-і – ерекше балаларды өсіріп отырған ата-анаға, алты грант асыраушысынан айырылғанға, төртеуі атаулы әлеуметтік көмек тағайындалғандарға үлестірілді, – дейді Әсем Айтжанқызы.

Биылғы грантты иеленгендер жиһаз цехы, этнокиім тігін орталығы, сән салоны, кондитер цехы, ысталған ет, тез тамақтану орыны, автобөлшек дүкені, сабын цехы, мал бордақылау алаңы, металл құрастыру цехы, медицина кабинеті, массаж кабинеті, спорт клубы, аяқ киім шеберханасы, жылыжай, наубайхана, шаштараз, сүт өнімдері, шұжық, ветеринариялық дәріхана, құс шаруашылығы, пластикалық терезе мен есік өндірісі, монша секілді халық сұранысына ие кәсіптерін дөңгелетеді.

Тіпті, кәсібіне кірісіп, нәсібін тапқандар да бар. Мәселен, шағын гранттың шарапатын Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылының тұрғыны Данияр Татығұлов көріп отыр. «Бастау Бизнес» оқыған сертификаты серпін беріп, «2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы» шеңберінде мемлекеттік грант алған. Бірден өзі ойластырып жүрген құс фермасын қолға алды. Грант



қаражатына шаруасына қажетті сыйымдылығы екі мың жұмыртқа болатын инкубатор, етті ыстап, оны пісіретін пеш, мұздатқыш сатып алған. Кәсіпкер қазір бөдене өсіріп жатыр.

– Әрекет етсеңіз, берекеті болады. Келіншегімізбен ақылдаса келе, еті үнемі



өтімді құс фермасын ашайық деп шештік. Мемлекеттің қолдауы ойымыздың жүзеге асуына кәдімгідей сеп болды. Сөйтіп, тәртіп-талабына сай құжаттарды өткізіп, конкурста қатысып, 1 476 800 теңге алдық. Біз бөдененің етін тұздап, ыстап, саудалап көреміз. Шағын кәсібіміз дөңгелеп жатса, ауылдағы бір-екі адамға жұмыс береміз. Ауылдағы естіп-білгендер қазірдің өзінде өнімдімізді сұрап жатыр. Соған қарағанда кәсібіміз өркен жаяды деп отырмыз, – дейді Данияр Татығұлов.

Үштөбе ауылындағы үш баланың анасы Әсемгүл Елубаева да грант иегері атанып, ойға алған кәсібін жетілдіріп отыр. Ірімшіктің түр-түрін әзірлеп, өнімін саудалауда.

– Осындай грантка қол жеткізу мүмкіндігі барын жақыннан естіп, арнайы курстан білімді жетілдірдім. Грант қаражатына қажет жабдықтарымды сатып алдым. Табиғи өнімге қашанда сұраныс бар. Ауылдың өзінде тез өтіп кетеді. Ірімшікті әзірлеу технологиясын ертеден білемін. Гранттың арқасында кәсібім кеңейіп, тапсырысым көбейді, – дейді грант иегері Әсемгүл.

Тағы бір төрт баланың анасы Гүлнұр Балтабаева – биылғы грант иегері. Ол да грант арқылы өзінің шөлкография әдісі және ДТФ принтер көмегімен ұлттық нақышты әзірлейтін бизнес орталығына орасан пайда әкелді. Қолөнерші ДТФ принтерді бағдарламасымен бірге 700 мың теңгеге сатып алған. Онымен қоса, ноутбук, көпфункционалды термопреске де қол жеткізген.

– Бүгін «Асыл мұра» өнер мектебіндегі «Асыл мұра» күйшілер ансамблінің тапсырысын орындау үстіндеміз. Жақында Ташкентке конкурста барамыз. Өнерпаз балалардың киімдеріне қазақы нақыш салып жатырмыз. Тапсырыс күн өткен сайын көбейіп жатыр, – дейді кәсіпкер келіншек.

Кәсібін енді ғана бастаса да, Гүлнұр Әбүйірқызы қайырымдылықпен айналыса бастаған. Республика күніне орай Майқұдықтағы балалар үйіндегі бір топ биші қызға қазақы нақыштағы жейделерді тарту етпекші. Одан кейін өзі бірлесіп жұмыс атқарып жүрген «Асыл мұра» өнер мектебімен концерт қоямын деп отыр.

Міне, «Бастау Бизнес» арқылы грант алғандар ел экономикасының еселенуіне осылай үлесін қосып жатыр. Сәйкесінше, жұмыссыздық азайып, бизнестегі сан-салалық кәсіп көбейіп келеді.

Сурет автордан

• АКЦИЯ

Түбіртек жинап, жүлделі болды

Приозерск қаласында «Түбіртектегі талап ет, патриот бол!» акциясының жеңімпаздары анықталды. Бір ай көлемінде дүкендерден сатып алған өнімі үшін түбіртек талап еткен қала тұрғыны марапатталды.



Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ереже бойынша тұрғындар қаладағы сауда орындарында қандай да бір тауар сатып алу кезінде түбіртектегі талап ету шарт болған. Бұл жолы бір ай ішінде ең көп түбіртек жинап үлгерген Майра Айтжанова және ең көп сомадағы бар түбіртегі бар Марат Юсупов жеңімпаз атанды.

– Акция ережесі өте оңай. Кез келген дүкенде сатып алған тауар үшін түбіртек талап етесіз, кейін осы түбіртекті арнайы комиссияға ұсынасыз. Көбінде техника құрылғыларын сатып алғанда чек талап еткенмін. Аталмыш шара қарапайым халықтың салықтық сауаттылығын арттыру мақсатында өтіп жатыр. Себебі, сатып алынған әрбір тауардың түбіртегі оның сапасына кепіл болып, саудаға бақылау жүргізе алады, – дейді жеңімпаз Майра Айтжанова.

Айта кетейік, акцияға қала тұрғындарының қызығушылығы күн санап өсуде. Осыған орай, сыйлықтардың құны да әр ұтыс сайын ұлғая түспекші.

ПРИОЗЕРСК

• ДЕНСАУЛЫҚ

Екпеге енжарлық жүрмейді

Аймақта адам папилломасы вирусына қарсы вакциналау жүріп жатыр. Кешегі күнгі дерек бойынша 5 мыңға жуық бала екпе алған. 3 213 – 11 жастағы, қалғаны 12-13 жастағы балалар. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде мәлімдегендей, екпеден кейінгі жағымсыз жайттар орын алмаған. Дегенмен де, екпеден бас тартып жатқан ата-ана көп.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық бірінші медициналық-санитарлық көмек орталығында өткен баспасөз мәслихатында аталған департамент мамандары екпеден бас тарту білместіктің немесе сенімсіздік салдары екенін атап өтті.

– Қоғамда вакцинаға үзілді-кесілді түрде қарсы адамдар, негізінен, аз. Көпшілігі – вакцинаға, оның пайдасына, сапасына сенбей, күмәнмен қарайтындар. «Күте тұрайық», «байкастайық» деген қағидамен жүргендер. Олай уақытты кетіруге болмайды. Қазір қыздарға кейін дені сау әйел, ана болуға мүмкіндік беріліп тұр, – дейді санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова.

Мамандардың айтуынша, вакцинация жасалуы тиіс жас әбден зерттелген. Бұл жаста қыз баланың ағзасы вирускқа қарсы иммунитет қалыптастыра алады екен. Өскен кезде салынған екпенің тиімділігі айтарлықтай төмен.

Адам папилломасы вирусына қарсы вакцинация 11 жасқа толған қыз балаларға жасалады. Оған қосымша 12-13 жастағы қыздар да алады. Екпе ата-анасының немесе заңды өкілінің рұқсатымен мектептегі медициналық кабинеттерде салынады. Тіркелген жері бойынша медициналық мекемелерде де салдыруға болады. Екпе қай жерде жасалса да, ата-аналар процесті бақылай алады. Мамандар мектептердегі медициналық кабинеттерде барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

– Қолданылып жатқан АҚШ-та шыққан «Гардасил» вакцинасы, – деп түсіндірді Гүлжан Байгутанова. – «Гардасил» – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сертификатын алып, өзінің тиімділігі мен қауіпсіздігін дәлелдеген вакцина. Ол тірі вакцина емес. Төрт валентті, яғни, құрамында вирустың төрт түріне қарсы күш бар. Оның ішінде, адам папилломасы вирусының нақты 16 және 18 түрлерінен қорғайды. Вирустың бұл түрлері – жатыр мойнының қатерлі ісігін тудыратын басты себеп. Биылғы тоғыз айда 73 әйелде жатыр мойнының қатерлі ісігі диагнозы анықталды. Осы дертпен есепте 1 090 әйел тұр. Қазақстан адам папилломасы вирусына қарсы вакцинация жасататын әлемдегі 136-шы ел болды. Яғни, аталған вакцинаны әлем бойынша миллиондаған бала алып жатыр.

Спикерлердің айтуынша, вакцина қолданысына қарай жеткізіліп отырады.

– Вакцина Қазақстанға партия-партиямен жеткізіледі. Алғашқы партияда 175 мың доза алынды. Біздің облысқа 8 мың до-

засы әкелінді. Бүгінгі таңда 4 883 балаға, 11 жастағы 3 213, 12-13 жастағы 1 670 балаға екпе салынды. Айта кету керек, бұл бір реттік вакцинация емес. 11 жастағы қыз балаларды АПВ-дан вакцинациялау Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді. Екпе арасына жарты жыл салып екі рет жасалады, – деді Гүлжан Жақтайқызы.

Вакциналар тағы да әкелінетін болады. Аймақта екпе алу жасына келетін 11-дегі 7 мыңнан астам, 12-13 жастағы 9 мыңнан астам қыз бала бар. Алайда, оның барлығы екпе алады деп айтуға қиын. Себебі, ата-ананың барлығы бірдей вакцинациялауға келісім бермейді. Басты себеп, мамандардың айтуынша, вакцинаға деген сенімсіздік және вирустың салдарын білмеу, бағамдамау. Қалалық бірінші медициналық-санитарлық көмек орталығының гинекологы Лаура Сәбитова екпе туралы сұрап келген ата-аналарға вирустың қатерлі ісікке алып келетінін айтатынын жеткізді.

– Вирусқа қарсы препараттар мен иммуномодуляторлар мұнда көмектеспейді. Оның үстіне адам папилломасы вирусынан нақты ем жоқ. Жатыр мойны зақымдалмаса да, сүт бездеріне зияны тиісі мүмкін. Жақында маған қабылдауға анасы мен қызы келді. Анасы екпе салдыру керек пе, жоқ па соны білгісі келген екен. Ақпараттық жағынан барынша түсіндірдім, бас тартқан жағдайда не болуы мүмкін екенін де айтып ескерттім. Адам папилломасы вирусы тері арқылы да берілетінін білу керек. Қыздар бір-бірімен сүйісіп амандасады, егер біреуінде вирус болса, ол басқаларға жұқтырады, – дейді дәрігер.

Лаура Сәбитованың айтуынша, көпшіліктің «бұрын вакцинасыз да ауырған жоқпыз» дейтін уәжі – негізсіз.

– Ол кезде қазіргідей диагностикалау, есепке алу, сәйкесінше, статистика жүргізу төмен болды. Жақында инфекционистермен, онкологтармен онлайн жиналыс өтті. Сонда вакцинацияның маңыздылығы жан-жақты айтылды. Жатыр мойны қатерлі ісігімен ауырып жатқан әйел адамдар көбейіп келеді. Біздің емханада биыл екі, былтыр бір жағдай анықталды, – дейді ол.

Вакцинацияның қыз балалардың болашақта ана болуына кедергі келтіріп, беделікке әкеледі деген пікірге қатысты жауап берген маман, «бұл мүмкін емес», – деді.

– Иммунизация адамның репродуктивті қабілетіне, аналық жасушаның жұмысына кері әсер етуі мүмкін емес. Беделікке әсер ететін басқа факторлар, – дейді Лаура Сағатқызы. Жиналғандар интернет желісінде адам папилломасы вирусына қатысты ақпараттың көп екенін, оның барлығын мұқият екшеу керектігін атап өтті.

Мыс шаһары қыс қаһарына төтеп береді

Қыс – қыр астында. Арқаның табиғаты жайбасарлықты кешірмейді, сондықтан да, қыстың қамын қапы қалмайтындай жасаған жөн. Осы жағдайды ескерсе керек, биыл Балқаш қаласына жылы жылдағыдан ерте берілді. Нақты айтқанда, жылы шаһарда 3 қазаннан бастап, Саяқ кентінде 5 қазаннан бастап беріле бастады. Бүгінде қаладағы №6, 7, 8, 9 жылыту қазандықтары қалыпты жұмыс істеп тұр. Көмір қоры да жеткілікті екен. Қаладағы барлық білім беру нысаны, 11 денсаулық сақтау саласындағы мекеме мен 593 тұрғын үй толығымен жылумен қамтылып отыр. «Kazakhmys Energy» ЖШС басқаратын БЖЭО 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындықты аяқтады. Бұл туралы Балқаш жылу электр орталығының операциялық директоры, бас инженер Ермек Жумаканов айтып берді.



Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланы жылумен қамтамасыз еткен Балқаш жылу электр орталығының жұмысымен танысу үшін журналистер қауымы арнайы бардық. Электр және жылу энергиясын өндіру, тарату, жеткізу қызметін жабдықтаушы мекеменің негізгі қондырғылары штаттық режимде жұмыс істеуде. Барлық жылу энергия көздерінің жұмысы сыртқы ауа температурасына қарай кестеге сәйкес.

– Іргетасы 1937 жылы қаланып, іске қосылған Балқаштағы жылу электр орталығы – елдегі ең көне нысандардың бірі. Рас, қазір көп нәрсе өзгерді, жаңарды. Жылу электр орталығын жаңғырту жоспарлы түрде жүреді. Турбоагрегат бойынша бір ауысымда он адам, жалпы орталықтың жұмысына 50 адам жұмылдырылған. Жаңадан қосылған Қоңырат шағын ауданы, күкірт қышқыл зауытының толық қамтып, кестеге сәйкес жылу беріп отырмыз. Егер қажетті жабдықтарды жиі жаңартып,

қондырғыларды күтіп ұстасақ, қыстан аман-есен шығудың кепілі сол болмақ, – дейді Балқаш ЖЭО бас инженерінің орынбасары Олег Исаков.

Сала мамандарының сөзінше, турбина агрегаттарының жұмысы қалыпты жағдайда. Қазандық цехының ауысым басшысы Андрей Сайковтың айтуынша, жылыту маусымының жұмысын үйлестіру және оны ұйымшылдықпен өткізу бойынша өңірлік штаб жұмысының жоспары бекітілген.

– Бүгінгі күнде штабтың отырысы өткізіледі. Кемшіліктер анықталса, штаб отырысында қаралып, ол оқалықтарды жою тапсырылады. Қазір №6, 7, 9 жылыту қазандықтары қалыпты жұмыс істеп тұр. Үш қазандық жылу беруге жеткілікті. №8 қазандық әзірге резервке қойылған. Бір қазандық істен шыққанда бірден іске қосылады. Бұл ауысымда өз ісін жақсы білетін 8 адам жұмыс істейді, – дейді қазандық цехының ауысым басшысы Андрей Сайков.

Мамандардың мәлімдеуінше, жылу орталығындағы 4 қазандық қаланы түгел қамтуға жеткілікті. Біріншіден, қа-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

уіпсіздікті, екіншіден, экологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін жаңа бесінші қазандықтың құрылысы басталған. Ол салынып біткенше, ескі қондырғылар да жылыту маусымына дайын болып, жүз пайыз жылумен қамтуға қуаты жететіндігін айтады.

Балқаш жылу электр орталығының операциялық директоры, бас инженер Ермек Жумакановпен сұхбаттасқанымызда 3 қазандық агрегатта және 3 турбина агрегаттарында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен қатар, бір қазандық агрегат толық күрделі жөндеуден өткен.

– Қазіргі таңда үздіксіз жылу жеткізу үшін 4 қазандық пен 3 турбина агрегаты 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына толығымен дайын. Сондай-ақ, көмір түсіру және жанармай беру кешені жөндеуден өтті. Станция қоймасында 132 мың тонна көмір бар. Жылыту маусымына шамамен 140 мың тонна көмір жеткізіледі. 850 тонна мазут қоймада тұр. Бір маусымға негізі 700 тонна мазут толығымен жетеді. Жылу электр орталығының екі негізгі жылу магистралі бойынша шығыс температуралық режимі 85 градусты құрайды. Бұл температуралық режим қалаға жылу жеткізуге арналған нормалар мен талаптарға сәйкес келеді. 2024 жылға арналған жөндеу жұмысына 2,6 миллиард теңге бөлінді. Сонымен қатар, жылу орталығының жабдықтарын жаңғыртуға 3,5 миллиард теңге инвестиция қарастырылған, – деді Ермек Жумаканов.

Спикердің айтуынша, бүгінде Балқаш жылу электр орталығында жаңа бесінші қазандықтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жөндеу жұмыстары негізгі және қосалқы жабдықтармен қамтылған. Осы шаралардың барлығы жылу тапшылығы мәселесін шешеді. Үйлерді жылумен жабдықтауды жақсартады. Қазір жылу магистралінде №5 қазандықтың жеке келген шағын тораптарын монтаждау аяқталуда. Осыдан кейін жабдық гидравликалық сынақтан және газ-ауа жолының тығыздығын тексеруден өтеді. Болашақта қазандықты орнату «Kazakhmys Energy» ЖШС-інің БЖЭО жұмысын жақсартып қана қоймай, ластанушы заттардың шығарындарын азайтуға тиіс. Компания «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына кіру үшін Энергетика министрлігіне өтінім берген. Осының арқасында жабдықтарды жаңарту мүмкіндігі пайда болады.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

«Самұрықта» самғаған сұңқарлар



«Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер әлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек. Мемлекет алдағы уақытта да кең-байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды. Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі».

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылымы мен қоры
Орталық 2019 жылы құрылған. Негізгі мақсаты мен міндеті – Арқа даласының көгінде самғаған тегеурінді құстардың жойылып кетуіне жол бермеу. «Самұрық» жыртқыш құстарды өсіру, мониторингілеу және оңалту орталығы ұйымының бастамашысы – «МИДЯ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

«Cites» ұлттық әкімшілік мекеменің рұқсатымен 2021 жылы «Самұрық» орталығына Қатар мемлекетінен аталық сұңқардың отыз жеті балапаны, аналықтың жиырмасы жеткізілген. Алматының зообағынан сұңқардың 5 балапанын екелген. Ал, биыл орталық дәл сол Қатар мемлекетінен 43 сұңқарды алыпты. Сонымен қатар, 6 аксұңқарға да қол жеткізген. Бүгінде орталықта жалпы саны 105 сұңқар, 6 аксұңқар құс бар.

Ерекше қадағалауды және қорғауды қажет ететін сұңқар құстардың күтіміне жауапты екі маман Ресей Федерациясының «Холзан» жыртқыш құстар орталығында бір айлық тағылымдамдан өтіпті. Сонымен қатар, бір маман Біріккен Араб Әмірлігіндегі жыртқыш құстардың бас ветеринарлық госпиталінде арнайы оқу оқыған.

Орталықтың инфрақұрылымына да баса мән берілген. 10 гектар аумақта бірнеше блок бар. Бірінші блокта құстардың балапандарына арналған қоршаулар жасалған. Жыртқыш құстардың жұмыртқаларын қалыпты температурада ұстауға жағдай жасалған ғимараттар қолданыста. Орталық мамандары тұратын үйлер де қарастырылған. Карантин жағдайында құстарды оқшаулауға арналған нысандар да бой көтерген. Азық сақталатын қойма да тұр.

Сұңқардың азығы
Құс тектісін күтін ұстауда тамақтану рационы үлкен рөл атқаратынын айтады мамандар. Құстардың азығы – тауықтар, бөденелер, қояндар. Тіпті, 4-5

айлық жас тауықтар да ас мәзіріне енеді. Орталық аумағында тышқан тәртізді кеміргіштерді өсіруге арналған виварий ғимараты жасқалған. Келесі жылы іске қосылады екен. Азықтандыру кезінде көбею циклінің кезеңі ескеріледі. Тауықтар айына екі рет Қарағанды құс фабрикасынан, ал бөдене еті Алматы қаласындағы құс фабрикаларынан жеткізіледі. Қарағандыдағы құс фабрикаларынан айына екі рет 500-600 келі ет әкелінеді. Тауық еті тоңазытқыш қосылған камераларда сақталады. Қояндар да жеке фермалардан алынады. Тірі құстар ас қорыту жолын босату үшін сою алдында бір күн бойы тамақсыз ұсталады екен. Орталық директорының ғылым және мониторинг жөніндегі орынбасары Шамиль Шәріпов жыртқыш құстарға көбіне бөдене еті берілетінін айтты.

– Құстар міндетті түрде бөденемен қоректенуі тиіс. Біз құстарды фабрикалардан тірі, немесе, мұздатылған қалпында жеткіземіз. Жеткізу кезінде біз оларды герметикалық қаптамаларға саламыз. Бөдене етін жыртқыш құстарға тастамас бұрын қанаттары мен аяқтары алынып тасталады. Құстардың балапанын тамақтандыру кезінде біз ішектерді алып тастаймыз. Бірақ, әрқашан бауырды, жүректі, теріні және қауырсындарды қалдырамыз. Сұңқарларға тері, бауыр және аздап құс майы қажет. Бұл олардың терісі мен қауырсындарының сапасын жақсартады. Күн сайын әр сұңқардың азығына дәрумендердің бір бөлігін себеміз. Дәрумендер қоспасы етке

жабысып қалуы үшін оны ылғалдандыру керек. Сұңқарлардың азығына күн сайын бір тамшы балық майын қосамыз. Әр сұңқарға аптасына үш рет жұмыртқаның сарысын береміз. Текті құстардың азығы, міне, осындай. Сапалы азық әлбетте құстардың ағзасына оң әсерін тигізеді, – деді Шамиль Шәріпов.

Сұңқардан пайда көл-көсір

Сұңқарларды әуежайларда және шаруашылық нысандарында пайдалануға да болады. Әуежайдың төңірегінде ұшатын құстар шоғыры ұшақтарға айтарлықтай қауіп төндіреді. Яғни, әуе кемесінің қозғалтқышына жұтылып, механизмнің істен шығуына ықпал етеді. Қолға үйретілген сұңқарлар әуежай аспанын сол зиянкес құстардан тазартуға көмектеседі. Қарға мен шағала жиі торуылдайтын егіс алқаптарына да осы орталықта үйретілген қанатты жыртқыштар жіберіледі.

«Орталықта өсірілген құстар экономикаға айтарлықтай пайда әкеледі», – дейді мамандар. Кейінгі 70 жылда әлемде сұңқар құсқа деген сұраныс артып келеді екен. Сұңқарлар әсіресе Парсы шығанағы елдеріндегі құс аукциондарында бағаланады. Бұл – Кувейт, Бахрейн, Сауд Арабиясы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында құсбегілермен бапталған сұңқарларға сұраныс байқалады.

Шамиль Шәріпов орталық атадан балаға мұра болып келе жатқан

аңшылық дәстүрді жандандыруға да септігін тигізетінін айтты.

– Қазақ халқының саятшылыққа жаны құмар екенін білеміз. Аңның сонынан тазы жүгіртіп, төбесінен сұңқар ұшыраған. Астындағы атына, баптаған тазы иті мен сұңқарына ерекше ықыласпен қараған. Орталықтағы жыртқыш құстардың саны артқан жағдайда, бұларды жергілікті саятшыларға сатуға әбден болады. Қаржыдан бұрын бұл әрекетіміз ұлттық саятшылығымызға дем береді, – деді Шамиль Шәріпов.

Ғылымға да леп береді

Жараланған жыртқыш құстарды емдеп, тіршілік ортасына қайтару жұмыстары да қолға алынған. Орталықта текті құстардың генетикасын зерттейтін арнайы зертхана жасқалған. Сонымен қатар, зертхана арқылы қанатты жыртқыштардың популяциясына қатысты өзгерістер мен құбылыстарды анықтауға болады. Бұл зертхана Арқадағы жабайы табиғатты зерттеуші мамандарды әзірлеуге септігін тигізуде.

Қазақстан – жерасты байлығымен ғана емес, өзінің табиғатымен де әйгілі. Қазақ даласының шалқар аспанында қалықтаған көк сұлуы аксұңқардың санын көбейту – бұл күнде мемлекеттің тікелей қадағалауына алынған. Арқа байтағында жемтігін шашып жеген текті хәм тегеурінді құс көбейіп келеді.

Суреттер автордан

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Галотерапия кабинеті ашылды

Республика күні орайластырылып, Қоңырат шағын ауданында физиотерапия және галотерапия кабинеті қолданысқа берілді. Алдағы уақытта тұзды ем кабинеті, тұрғындарға табиғи емдік қызметтер көрсететін болады. Тұзды бөлменің жалпы аумағы – 12 шаршы метр, сыйымдылығы – 3 адамды құрайды. Тұзды ем бөлмесі ыңғайлы арқалы орындықтармен, жарықпен және әуенмен жабдықталған. Аталмыш бөлмені жабдықтауға Балқаш қаласының көпсалалы ауруханасы 3 миллион 400 мың теңге қаржы бөлген.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Арнайы аппараттан тазартылған, өңделген тұз ауаға тарайды. Емдік тұз арнайы орындалған 40 минут, балалар 20 минут ем алу арқылы тұзды ағзасына сіңіреді. Бұл ем қатарынан 10 күн алынуы керек. Барлық гигиеналық талаптар сақталған. Имунитетті көтеру үшін міндетті түрде 10 күн ем алады. Ал, егер аурудың асқынған түрі болса, онда курс мерзімі 15-20 күнге дейін созылуы мүмкін, – дейді отбасылық дәрігер Хуршида Кочкарова.

Табиғи емдік қызметтер көрсетілетін кабинет экологиялық аймақта орналасқан қала жұртшылығы үшін пайдасы зор. Әсіресе, түрлі ауруларға шалдығып, антибиотиктерді қабылдап, имунитеті әлсіреген жандарға көмегі көп. Ешқандай дәрі-дәрмексіз табиғи ем-домды осы жерден алуға болады. Сонымен қатар, балқаштықтар үшін бұл ем түрі тегін жүргізіледі. Бұл туралы Балқаш қаласының көпсалалы аурухана директоры Серікбол Түсіпбеков жеткізді.

– Медицина тілінде айтсақ, тұз шахтасының, яғни, галотерапияның ең пайдалы тұсы – ол тыныс алу жүйесін тазартады. Тұз шахтасына кірген адамның жасушалары пайдалы иондармен қанығады, өкпесінің жұмысы реттеліп, тыныс алу жолдарының микрофлорасы шаң мен зиянды бактериялардан тазартады. Тұз шахтасының гайморит, фарингит, бронхит секілді аурулармен күресте пайдасы зор. Галотерапия жиі суық тиіп, ауыратын балалар мен ересектердің имунитетін күшейтетіні дәлелденген. Галотерапияның тағы бір пайдасы қасиеті – ол жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелістен арылуға көмектеседі. Бұл – Балқаш қаласында ашылып отырған төртінші галотерапия кабинеті. Қоңырат шағын ауданы қала орталығынан алыс орналасқаннан кейін осы аумақтан ашуды жөн санадық, – дейді Серікбол Түсіпбеков.

Алғашқылардың бірі болып, ем қабылдауға келген қала тұрғыны Шолпан Асқарова облыстық денсаулық басқармасына және Балқаш көпсалалы аурухана ұжымына алғысын білдірді.

Айта кетейік, денсаулық сақтау саласының мамандары болашақта бұл жобаны әрі қарай дамытқысы келетінін айтты. Мақсат – қала тұрғындарына облыс орталығына бармай-ақ жергілікті жерден ем алуға мүмкіндік жасау.

БАЛҚАШ
Сурет автордан



• ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Жемқорлық тәуекелдеріне жол жоқ

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық проблемасы өзекті болып отыр. Осы мәселені жеңу үшін Қазақстан Республикасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданған.

Қарағанды облысы бойынша экология департаментінде сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына ықпал ететін осындай құбылыстың алдын алу, теріс құбылыстарды азайту және жою үшін департамент қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жоспар құрылған.

Сонымен, мысалы жоспарға Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға бағытталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шаралар енгізілген.

Мемлекеттік қызметтерді

мерзімінен кеш және сапасыз көрсетуді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызмет көрсету қамтылған еді. Өтініштерді қарау мерзімін сақтамау әрі сөзбұйыда салу фактілерін болдырмау мақсатында департамент құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасы комитетімен ай сайын салыстыру амалдарын жүргізеді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тек мемлекеттік қызметкерлерді ғана емес, жеке, заңды тұлғаларды сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының жарамсыздығы туралы хабарлар етуді көздейді. Мысалы, мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексі, мемлекеттік қызмет тура-



Қолжазба жасаған А.Кочкарова

лы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама нормаларын бұзу фактілері туралы хабарлау үшін сенім телефоны жұмыс істеуі туралы хабарландыру жарияланады. Сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің бірлескен іс-шаралары өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мемлекеттік қызметкерлер

үшін тұрақты негізде құқықтық жалпыға міндетті оқу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарға семинарлар өткізіледі. Қорытындысы туралы мәліметтер салалық департаменттің Facebook,

Instagram әлеуметтік желілерінде орналасады.

Сонымен, осы жылдың бірінші тоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде мемлекеттік экологиялық инспекторлардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі талаптарын сақтауға» құқықтық оқыту өткізілді. «Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілігі туралы» тақырыбына семинар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жалғасуда.

Айман ҚҰЛАТАЕВА,
Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшысының орынбасары

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында

Шерлі шежіре сыр шертеді

Қарағандыда Мәскеуде орналасқан «Үшінші мыңжылдықтағы білім» аймақаралық қоғамдық қорының жұмыс тобы (жоба жетекшісі Алексей Стороженко) Мәскеу үкіметі сыртқы экономикалық және халықаралық байланыстар департаментімен бірлесе отырып қарағандылық Ұлы Отан соғысына үш қатысушының естеліктерін Ұлы Жеңістің алдағы 80 жылдық мерейлі мерекесі алдында кинолентаға жазып алды.



Бұл қор міне, 25 жыл бойы «Мен қатысқан соғыс» деген атпен соғыс ардагерлерінің естеліктерін бейнеархив жасап келеді. Бүгінге дейін тек Ресейде ғана емес кеңестен кейінгі кеңістікте пайда болған 9 елде 400-ден астам деректі фильм түсірілді. Соның ішінде ортақ жеңіске лайықты үлес қосқан қазақстандық Отан қорғаушылар да бар.

Облыстық және Қарағанды қаласы аудандық ардагерлер кеңестері мен қалалық әкімдіктің көмегімен біздің батыр жерлестеріміз – майдангерлер Сұңғат Сәттіғұлов, Григорий Степенко мен Виктор Шелудяковтардың баға жетпес естеліктері таспаға түсіріп алынды. Кинолентаға жазып алу облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Қарағанды Ұлы Отан соғысы жылдарында» залы мен «Мәңгілік алау» мемориалдық кешені алдында жүргізілді. Мәскеулік түсіру тобы (орындаушы продюсер Юлия Петрова, режиссері Константин Мурашов, операторы Александр Журавлев, мәтін авторы Юлия Залуцкая) алдарына майдангерлердің жауынгерлік жолын, қай жерде және қалай соғысқандары, соғыс туралы не ойлайтындары және болашақ ұрпаққа қандай аманат айтарларын мақсат етіп қойыпты.

Сұңғат Сәттіғұлов ақсақал қан майданға 1942 жылдың мау-

сым айында аттанып, Сталинград түбіндегі шайқасқа тап болады. Алдында Алматы қаласында жаяу әскер училищесінде оқып, дайындықтан өткен. Миниметшілер взводын басқарып, жан алып, жан беріскен қиян-кескі ұрыстарды бастан кешіреді. Сұраққа жауапты жайлап бастағанымен кейде ауытқып кетіп отырды. Енді қалай, оның жасы 101-ден асқан, соған қарамастан оқиға болған күндерді, ұрысқа қатысқан әскери бөлімшелердің рет санын, командирлерінің аты-жөнін осы күнге дейін ұмытпаған екен. Сталинград түбіндегі шайқас 200 күн мен түнге созылып, ақыры неміс-фашист басқыншыларының 330 мың әскерінің қоршауға алынуына ұласты емес пе?! Бұл Ұлы Отан соғысы тарихындағы ұлы бетбұрыс болды. 1943 жылдың 2 ақпанында Сталинград операциясы аяқталып, жау берілді. Бірақ, мұны Сұңғат радиодан естіп білді, өйткені кескілескен ұрыстардың бірінде, 1942 жылдың 9 желтоқсанда ауыр жараланып, Саратов госпиталінде емделіп жатқан.

Емделіп шыққаннан кейін де қайсар қазақ жауынгері алдыңғы шепке сұранған, сөйтіп тағы бір ірі шайқасқа қатысып, тысқан белорусь елін, оның астанасы Минск қаласын азат етеді. Тек 1947 жылы ғана туған жеріне ора-



лады. «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін құрылысшы мамандығын оқып, облыстың селолық жерлерінің құрылысын салып, «Ауылшархмия» мекемесін басқарады.

— Әлі есімде, шабуылға шығандар деген команда келгенде қорқыныштан ойыма ештеңе келмей атып тұрдық. «Ура!» деп айғайлап, алға ұмтылдык. Жүгіріп келеміз, оқ жан-жағымыздан зулап, бізге атылуға. Қайрадан жерге жата қалдық та бауырлап алға жылжыдық. Харьков түбіндегі осы алғашқы ұрыста-ақ біз қаншама солдаттарымыздан айырылдык, мен аяғымнан жеңіл жара алдым, бірақ ата бердім. Мен үшін аса қорқынышты болған бұл алғашқы ұрыс, өлім мен ерлікті қатар көрімі маған соғыс аяқталғанша жақсы сабақ болды.

— деп әңгімеледі еш бүкпесіз 99 жастағы соғыс ардагері Григорий Степенко. Оны 18 жасында әскерге шақырыпты. Қай жерде соғыспады десеніңіші?! Орел-Курск иіні, 1943 жылдың жазындағы Харьков шайқасы, Днепрді кешіп өту, Варшава мен Кенигсбергті алу, сондай-ақ, 1945 жылдың жазында жапон милитаристерімен де алысты. Майдан даласындағы батылдығы мен ержүректігі «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен, 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, мерекелік медальдармен аталып өтті. 1951 жылы жолдамамен Қарағандыға келіп, цемент зауытында жұмыс істейді. Сонан кейін темір жолда

жүк тасымалының бас кондукторы болады.

Егер алдындағы майдангерлер тарихи-өлкетану музейінің қабырғасында естелік айтса, Виктор Андреевич Шелудяковқа денсаулығына байланысты әңгіме желісін үйінде жалғастыруға тура келді. Енді екі айдан кейін ол да 99-ға талады. 1931 жылдан Қарағандыда тұрады екен. Әскерге 1943 жылы шақырылған. Әскери қимылдарға 1944 жылдың мамырынан 1945 жылдың наурызына дейін қатысқан. Радио-байланыс взводның командирі ретінде 4-Украин, 1-Прибалтика және 2-Белорус майдандарында соғысты. 1945 жылы Кенигсберг түбінде ауыр жараланды. 1-дәрежелі Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен, Белоруссия мен Украинаны азат еткені үшін соғыстан кейінгі мерекелік медальдарды омырауына тақты. Соғыстан кейін Қарағандының «Союзшахтоосушение» құрылыс-монтаж басқармасында түрлі қызметтер атқарды.

Ардагерлер соғыс жылдарындағы ел басына түскен ауыртпалықтарды әңгімелеп, көздеріне жас ала отырып, туған Отаны үшін опат болған қарулас достарын еске алысты. Болашақ ұрпаққа бейбіт аспан, жасампаз еңбек, білім мен мамандық алу жолында табандылық танытуды тіледі.

Соғыс ардагерлерін кинолентаға түсіріп алуды ұйымдастыруға облыстық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жазық Томпиев, Әлихан Бөкейхан ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полковник Марат Сейфуллин, Қазыбек би атындағы аудан Ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілеубек Камалиев, тарихи-өлкетану музейінің басшысы Ержан Нұрмағамбетов үлкен көмек көрсетті. Қонақтар әрқайсысы 26 минуттық деректі фильмдер Ресейдің бір федералдық каналында көрсетіліп, интернет-кеңістікке орналастырылатынына және Қазақстанның телеарналарына тегін таратылып, флэш-тасымалдар арқылы облыстың жоғарыда аталған ардагерлер кеңесіне жіберілетініне уәде етті.

Аман ЖАНҒОЖИН, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы

Суреттер автордан

Еске алу

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тумасы, халқына қалаулы, еліне елеулі болған, әулеттің қамқоршысы, ардақты жар, асқар тау әке, қадірлі аға, кеңпейілді ата, руы Қаракесек, Майлық, Бейсебай Бошпанұлы СМАИЛОВ өмірден озғанына 40 күн болады.



Бейсебай Бошпанұлы 1931 жылы қараша айының 27 күні Қарқаралы ауданына қарасты Қызыларай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдары 13-14 жасында колхоз есепшісі болып еңбек еткен.

1950 жылы Қарқаралы Абай атындағы педагогикалық училищесін, кейіннен Қарағанды педагогикалық институтынан Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған.

Педагогикалық жұмысын 1950 жылы Егіндібұлақ ауданы «Карл Маркс» жетіжылдық мектебінде бастап, кейін Қоянды жетіжылдық мектебінде 2 жыл ұстаздық еткен.

1953 жылы Кеңес армиясы қатарына алынып, 2 жылдық офицерлер дайындайтын штаттан тыс ұйымдастырылған ротада қызмет атқарып, офицер атағымен елге келеді. 1955-1956 жылдары Қарқаралы аудандық Комсомол комитетінде Қарқаралы МТС зонасы бойынша комсомол инструкторы болып қызмет атқарады.

1956 жылы комсомол комитетінен өз еркімен бірнеше өтініштер беру арқылы босап, өз ауылы «Жаңа жол» жетіжылдық мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырады.

Осы мектепте қатардағы ұстаз болып бастап, 1966 жылдан 1993 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін мектеп директоры болып қызмет атқарады. Осы уақыттар аралығында мектеп аудан бойынша алдыңғы қатарлы мектеп санатында болды.

Осы жылдар аралығында шәкірттері арасынан қаншама ғылым кандидаттары мен докторлары, инженер, дәрігер, экономист, юрист, ауыл шаруашылығы мамандары Отанына қызмет етіп, өмірден өздеріне лайықты орын алған. Бұрынғы шәкірт, қазіргі қадірлі азаматтарын тәрбиелеп, еңбегінің ақталғанын мақтан ететін. Осы бір кездегі қаршадай ұл-қыздардың қадірлі азамат болуы мен жетістіктерінде менің де үлесім бар-ау деп қуанып отыратын.

Еңбек жолындағы жетістіктері үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, медальдар мен басқа да белгілерімен марапатталған.

Адалдық пен әділдікті ту етіп, шыншылдықтың шындығында болған сөздері жанның өмір жолы ұрпақ үшін мәңгілік азық, өшпес тарих.

Жетістікке жетсек марқайып, жаза кеткен сәтімиз болса қамқорлығына бөлен, ертеңмізге жол көрсетіп жүретін. Осындай парасаты мен пайымы бөлек жанға баршамыздың құрметіміз бен ізетіміз әрдайым ерекше еді.

Мейірлене қарайтын ыстық ықыласыңыз, тау тұлғаныз «Адамдықтың эталон» болып мәңгілік жүрегіміздің төрінде сақталады.

Тіршілігіңізде талай мұқтаж жанға тірек болып, шапағат көрсеткен сауапты істеріңіз мәңгілік мекеніңізде Алланың шапағатына бөлесін, жаныңыз жәннатта болсын.

Жанұяға қамқор болған әкеміз, Ұрпағыңа үлгі, мақтан етеміз, Ұл-қыздыңды маман бол деп оқыттың, Әрқашанда дұға оқып өтерміз.

Жатқан жері жарық болып, нұрға толсын, Бір Алладан шапағат, рахым болсын, Жан рухына жәннаттан орын болып, Жұмақтың да есігі ашық болсын.

Еске алушылар: Смаиловтар және Бошпановтар әулеті, ағайын-туыс, жұбайы – Көкен, балалары, немерелері, шөберелері.

Р.С. Құрметті ағайын-туыс, бауыр, құда-жекжат, дос-жаран және әріптес, Сіздерге қайғымызды болісіп, көңіл білдіргендеріңіз үшін алғысымызды білдіре отырып, әкеміз Бейсебай Бошпанұлы Смаиловтың 40 күндік асы 2024 жылғы 2 қараша күні сағат 12:30-да Қарағанды қаласы, Кенжин көшесі, 26/1 мекенжайында орналасқан «Түркістан» мейрамханасында өткізілетінін хабарлаймыз.

№358

АКЦИЯ

Қауіптің алдын алу үшін...

Тұрмыстағы өрттердің алдын алу мақсатында төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері «Сіздің үйіңіздің қауіпсіздігі!» акциясын өткізді. Акцияға АМАНАТ партиясының басшылығы, облыстық мәслихат депутаттары, ардагерлер ұйымы, «QAZAQGAZ AIMAQ» акционерлік қоғамының өкілдері, сондай-ақ, еріктілер қатысты.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Акция, ұйымдастырушыларының айтуынша, жылыту маусымы басталғалы жалғасуда. Оның мақсаты – жылыту маусымында жеке секторда өрт санын азайту, адамдардың қаза табуы мен жарақаттануының алдын алу. Өрттің алдын алу мақсатында арнайы өрт қауіпін болдырмайтын аппараттар орнату.

Акция барысында әлеуметтік осал топтарға ерекше көңіл бөлінді. Оларға түрлі түсіндіру жұмыстарымен қатар үйлеріне улы газ дабылдағыш құрылғылары орнатылды. Пештерінің мүржасы тазартылып, жылыту маусымына дайындалып берілді. Мұның бәрін бір кісідей қолға алған төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері. Олар осал топқа көмекте оқпалыққа орын жоғын анық біледі. Есепке алынған 4480 тұрғын үй осындай игі істермен қамтамасыз етіліп,

қысқы науқанға сайланды. Мамандардың айтуынша, дәл осындай өрт қауіпсіздігіне қарсы құрылғылар әр үйде болуы – міндет.

Сонау тамыз айынан бастап, профилактикалық жұмыстар барысында 11938 тұрғын үйді аралап, өрт қауіпін көп үйлер тізімге алынған. Осы үйлерде биылғы жылдың тамыз айынан бері 988 өрт хабарлағыш орнатылды. 2018 жылдан әлеуметтік осал топтың үйлерінде барлығы 6832 өрт хабарлағыштар орнатылған екен.

Барлық қала тұрғындарын және қонақтарын «Қауіпсіздік мәдениетін» қалыптастыру мақсатында Қарағанды облысының ТЖД қызметкерлері «Қауіпсіздігі ережелерін назардан тыс қалдырмауға шақырады. Тек бірлескен күш-жігермен төтенше жағдайлардың тәуекелдерін және олардың салдарын азайтуға болады.

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Еске алу



Қапыда көз жазған сыныптас досым Тілеуберген ӘБДІРАХМАНОВТЫ еске алып барша ағайын-бауыр, дос-жарандарына көңіл айтамын. Шыр етіп, дүниеге келгеннен-ақ, оның пешенесіне көш бастау бұйырған көрінеді.

Қарқаралы ауданы батыр Нұркен ауылынан шығып келді өлкелерге орасан пайдасын тигізген Тілеуберген досым бірегей азамат еді. Оның болмысының өзі әуелден бір беткейлігімен көзге түсетін. 1975-1977 жылдары Отан алдындағы борышын адал атқарып келген соң да, ол ел алдындағы міндетіне адал болды. Келісімен кен орындарына жұмысқа тұрып, басшылық лауазымдарға білгірлігімен қол жеткізе білді. Арада біршама уақыт өткен соң, бүгін де атын естісе атан түйе аялар «Қазакмыс корпорациясының» еңбек тәртібі бойынша бас инженері лауазымына тағайындалды. Одан әрі түрлі басшылық лауазымдар ауыстырып еңбегімен ерекше көзге түсуден жалықпады. Бүгінгі күні артында қалған бала-шағасы өсіп өнген әулет. Әке өсіетін өмірлік өрнек ретінде ұстаған қыр гүліндей жайқалған қыздарының алды аяқтанып өз алдына шаңыраққа айналды. Жақсының аты өлмесі хақ. Ал, Тілеуберген достың аты да, артында қалған ізі де өшпесіне кепілдік зор. Себебі, елге еткен еңбектің еш кетпесі анық. Еске сала кетейін марқұмның қырық күндік асы 02.11.2024 жылы Қарағанды қаласы «Фараби» мейрамханасында сағат 15:00 беріледі.

Еске алушы: сыныптас досы Әсет Мұттахұлы

№360

Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің башшысы Темірхан Серікбайұлы Абылаевқа орны толмас ауыр қаза ағасы **Әміржан Серікбайұлы АБЫЛАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сауағача ақрағат» медиахолдингі ұжымы «Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің башшысы Темірхан Серікбайұлы Абылаевқа орны толмас ауыр қаза ағасы **Әміржан Серікбайұлы АБЫЛАЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Еске алу



Сүйікті ата, асқар тау әке, аяулы жар, елінің абзал азаматы Тұяқхан Түшкенұлы ШАХМЕРДЕНОВТЫң бұл фәниден бақылыққа өткеніне 1 жыл толып отыр.

Бір жыл өтті, дидарыңды көрмедік, Сағыныштан қапаладық, шөлдедік. Қасіреттің запыранын жұтсақ та, Біз тіріміз, артыңыздан өлмедік.

Шамшырақ ең, жылу шашқан күн едің, Енді шауақ шашпасыңды білемін. Тек Алладан көрмеген қызығыңды, Ұрпағыңа бере гөр деп тіледім.

Жаның жайсан, көңілің көл кең едің, Жікке бөлмей кім болсада демедің. Тіпті кейде көк атыға көлденен, Қажет болса алып бердің керегін.

Жоқтау жасы көзімізден кепкен жоқ, Сағыныш оты көкіректен өшкен жоқ. Сан сипаған ыстық алақаныңның, Табы әлі басымыздан кеткен жоқ.

Асыл бейнең сағындырған бір сағым, Сағыныштан жүзімізде тұрса мұң. Сол мұңдарды сөйітсем деп Әкетай, Келді өмірге Аяулымдай ұрпағың.

Өзің жоқсың орнында бәрі міне, Сыйынамыз жаратқан тәңіріне. Бар дұғамыз жайлы боп жатқан жерін, Алланың нұры жаусын қабіріне.

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран және әкеміздің көзін көрген барша жамағат, сіздерді асқар тау әкеміздің рухына бағышталған жылдық асына шақырамыз.

Ас 2024 жылдың 10 қараша күні сағат 12:00-де Қарағанды қаласы, Сатыбалдин көшесі 28/2 мекенжайында орналасқан «Kamila» мейрамханасында беріледі.

№359



• ҚАСЫМ ОҚУЛАРЫ

Дауылпаз ақын мұрасы дәріптелді

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде дауылпаз ақын Қасым Аманжолов оқулары өтті. Оған шаһардағы колледждерден жалпы саны 42 студент қатысты. Қаламгерлер мен педагогтар қазылық етіп, үздік жас ақынды, көркемөз оқушыны, ақынның өнегелі ғұмыры мен мұрасы насихатталған бейнебаян авторларын анықтады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі Қасым Аманжолов оқуларын жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырады. Биыл да үш бағыт бойынша байқау өтті. Біріншісі – «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...». Мұнда үміткер дауылпаз ақынның өлеңдерін мөнерлеп жатқа оқыды. Екіншісі – «Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қарашы...» деп аталды. Бұл бағытқа колледж қабырғасында ақып жүрген жас ақындардың Қасым Аманжоловқа арнаған өлеңдері бағаланды. Үшіншісі – «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...». Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде қолға алынған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Smart bala» жобасы аясында Қасым Аманжоловтың шығармашылығы мен өмірі баяндалған шағын деректі фильмдер сүзгіден өтті.

Білім ордасы директорының міндетін атқарушы Дархан Исатаев байқаудың маңызы хақында айтты.

– Қасым Аманжолов – өз дәуірінің биігі. Оның өлеңдерінен асқақ рухтың дауылы соғадy. Сол себепті де, жас ұрпақ ақын шығармашылығын бойына сіңіріп осуі керек. Колледждің мақсаты мен міндеті – жас буынды ұлттық тәрбиемен, өнермен сусындату. Сол жолда білім ордасының ұстаздары аянабай еңбек етіп келеді. Бүгінгі байқаудан да жалынды жастарды байқап, көңіліміз марқайды. Ақынның мұрасы халқымен бірге жасайтынына сенімім кәміл, – деді Дархан Исатаев.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, Қарағанды облысында

білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының дипломымен марапатталды, сертификаттар тапсырылды. Байқауға қатысушыларға «Qasym» республикалық әдеби-қоғамдық журналы табысталды. Колледж түлегі, ақын Кәмшат Хасен байқау жеңімпаздарына өзінің «Сен және мен» атты жыр жинағын сыйға тартты.

«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» аталымында гуманитарлық бағытта бірінші орын – Алтынай Маратқа, екінші орын – Сабина Төкеноваға, үшінші орын – Бірлік Төлепбекке берілді. Техникалық бағытта оқитын студенттер арасында бірінші орынға – Дарига Тельман, Екінші орынға – Мағжан Нұрлыбеков, үшінші орынға – Нұрасыл Баязит лайық деп танылды.

«Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қарашы...» аталымында гуманитарлық бағытта оқитын студенттер арасынан Еламан Кенжебай топ жарды. Екінші орыннан Ислам Еркебұлан көрінді. Үшінші орын – Нұрдана Аманқұлованың еншісінде. Екінші бағытта Медеу Амангелді қара үзді. Нұрым Жанатов – екінші орынды, Айсана Қамбарова – үшінші орынды місе тұтты.

«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...» аталымында Ильмира Махмудова, Әділ Ахтамберлин, Дильяра Қуаныш жүлдегер атанды.

Техникалық бағыт бойынша Асель Дильманова, Аида Муханова, Аяулым Мүгәл топ жарды.

Байқаудың марапаттау рәсімінде Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі музыкалық білім беру бөлімінің студенттері Қасымның әндерін шырқалды.

Сурет автордан

• БАЙҚАУ

Дәстүрлі дода

Бұқар жырау ауданында дәстүрлі «Бұқаркеңең жырайды» байқауы биыл да жалғасын тауып, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 17-ші аудандық бәсеке өткізілді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудандық Мәдениет үйінде өткен бұл байқау 4 аталым бойынша өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Әлия Шайкенова бастаған қазылар алқасы төрелік етті. Оның құрамында белгілі айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты Айтбай Жұмағұл, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, «Мәдениет қайраткері» Мүгілісім Шибәева, «Руханият» қосымша білім беру мектебінің мұғалімі Ақмарал Есірғепова, аудандық орталықтандырылған кітапхана директорының міндетін атқарушы Гүлайым Жұмкенова болды.

Көмекші әулиенің асыл мұрасын насихаттап, дәріптеу, жыршы-жыраулық өнерді дамыту мақсатында өткізілген бұл сайысқа 56 адам қатысып, қорытындысында әр аталым бойынша жеңімпаздар



анықталып, оларға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Мысалы, «Бұқар жырау оқулары» аталымында Шешенқара орта мектебінің оқушысы Біржан Жетей, Сарытөбе мектебінің оқушысы Айару Жомарт, «Бұқар жыраушы» аталымында Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебінің оқушысы Эльза Абзалбекова, «Руханият» қосымша білім беру мектебінің оқушысы Әділ Әбдірахман, «Жыршы-жыраулар» аталы-

мында «Мирас» қосымша білім беру мектебінің оқушысы Дәурен Дарын, «Әлемді түгел білсе де» аталымында Амангелді орта мектебінің оқушысы Дмитрий Гаринов басқалардан қара үзіп, екінші және үшінші орын алғандар да белгілі болды. Ал, қалған қатысушылар да құр қалмай, оларға да ақшалай сыйақы берілді.

Бұқар жырау ауданы
Сурет ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Алматыдан абыроймен оралды

Алматы қаласында «КТК» телеарнасының «Кел, шырқайық!» бағдарламасында Қарағандының «Ардагерлер» ансамблі үздік өнер көрсетіп, жеңімпаз атанды.



Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ансамбль осы ансамбль мүшесі Ырыс Арысбекқызының бастамасымен құрылған екен. Содан осы байқауға қатысқан. Байқауда ансамбль мүшелерінің басқа өнерпаздардан ерекшелігі – алты адамның барлығы му-

зықалық аспаппен өнер көрсетіп, халық әнін шырқауында.

– Біз Алматыға барып, өзіміздің Арқа жұртының атынан өнер көрсетіп, керемет көңіл күйде оралдық. Біз өнер көрсеткенде барша көрермен орындарынан тұрып, құрмет көрсетті. Мен өмір бойы теміржолда қызмет етіп, зейнеткерлікке шыққан жан-

мын, – деді Жәмила Ботантаева.

Ансамбльде кеше жалынды, әртүрлі салада еңбек еткен, ал, бүгін зейнеткерлік демалыстағы ардақты ағалар мен ақ жаулықты әжелер бар. Алды 80-нен асса, кейінгілері жетпістің манайында.

– Мен 35 жыл еңбек етілі бар ұстазым. Жас кезімде Қарқаралы қаласындағы «Салтанат» ән-би ансамблінің мүшесі болғанмын. Ансамбльдің мүшесі болған кезімде Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінде өнер көрсеткенмін. Осы уақытқа дейін өмірімде ұстаздық пен өнер жолын қатар алып келе жатырмын, – деді Биғамал Мырзаханқызы.

«Кел, шырқайық!» бағдарламасының ерекшелігі – байқауға әртүрлі саладан жиналған қарапайым адамдар қатысады. Бағасын студияда отырған қарапайым халық береді. Студиядағы дауыс берер көрермендерден бөлек, танымал өнер адамдарынан құралған қазылар алқасы да бар.

– Бізді қолдаған барлығыңызға рахмет. Ризамыз. Облыс әкімінің орынбасары мен АМАНАТ партиясы Қарағанды облыстық филиалына алғысымызды білдіреміз, – дейді Ырыс Арысбекқызы.

Сурет автордан

• ЖАУЫНГЕРЛІК КЛУБ

Сабыр мен төзім мұратқа бастар

Қазақ жұрты ежелден қонақжай халық екені жазылып та, айтылып та жүр. Бүгін де сол қонақжайлық пен шексіз сыйластықтың арқасында елімізде түрлі этнос өкілдерінің өмір сүріп жатқаны мәлім. Ол жандардың біздің елге келуінің өзі мың сан тарих. Тілі, түбі басқа болса да, ортақ мүддеге біріккен, қазақпен бір тудың астындағы өзге ұлтты көргенде, масаттанып марқайып қаламыз. Тіпті, сол түрлі этнос өкілдерінің ат жалын тартып мінер ұл-қызы да қазір қазақ балаларымен қатар тәрбие алуда. «KazFighter» жауынгерлік клубы түрлі ұлттың баласы шоғырланған сондай шағын бір орталық деуге саяды. Бас тәлімгер әрі бапкері – Зафар Саидов.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жауынгерлік клуб – бүгінде қарағандылық көш бастар жекпе-жек мектебінің бірі. Талай танымал спортшылар дәл осы клубтан түлеп ұшқан. Әлем төрінде атылаған атақты қарағандылық UFC жұлдызы Шавкат Рахмоновтың қарындасы Сора Рахмонова да осы клубтың түлегі. Одан бөлек, жекпе-жекпен әлем чемпионы Санжар Әділов те осы клубта жаттығады. Көптің қызығып, баласын жетектеп келетіні де осыдан шығар.

– Бапкері – өте қарапайым жан. Мұнда жаттығатын ересек топ өкілдері де кішіпейіл, әрі кішіге ізетпен қарап, қамқорлық танытып жатады. Ал, ең бастысы жаттығу стильдері басқа клубтарға, үйірмелерге қарағанда анағұрлым күрделі, тез шынығуға жетелейді. Бастапқыда баламды ежеліп, кейін оны аяған сәттерім де болды. Ол жасырын емес. Десек те, қазір менің 8 жастағы ұлым алдыңғы қатардағы жас жауынгерлер санатында. Оның тәрбиесі, мінез-құлқы, үйдегі іс-әрекеттері анағұрлым өзгерді. Қазір сабағы мен жаттығуына қатты көңіл бөледі. Бейсауат телефон ұстамайды.

Бұрынғы ерке, шолжаң мінезі де басылды. Ересек адамша тілдесеміз. Достарды да біршама осы ортадан тапқан. Ең бастысы – балам өтірік айтпайды, жаман жолдан алшақ екеніне сенімдімін. Себебі, оның ортасы мен бапкеріне көзіміз жетті, – дейді Жәмила Шарафутдинова.

Расында, баланы кез келген үйірме немесе спорттық мектептерге берерде жаттықтырушыны терең зерттеп, сосын барып баланды оған тәрбиелеуге берген абзал. Десек те, Зафар Саидовты терең тануға тек бір сөлемдеу жеткілікті көрінеді. Оның қарапайымдылығы мен көпұлтты шәкірттерден құралған жас командасы нағыз өз ісінің шебері екенін айқындап тұр.

– Қазір менің шәкірттерімнің арасында шешен, тәжік, орыс, украин, қазақ, өзбек ұлттарының өкілдері бар. Олардың ата-анасы алдымен маған оларды дені сау, жібі тұзу адам етіп шығар деп тапсырып кетті. Менің міндетім – оларды жауынгер емес, ең алдымен, Қазақстан Республикасының үлгілі азаматы етіп тәрбиелеп шығару. Өйткені, жаттықтырушының да түпкі негізі – ұстаздық. Ал, ұстаз ұғымы – ол ұрпақ қалыбы



деп білемін. Мен қол астыма келген баланың ұлттына, дініне, тіліне назар аудармаймын. Бізде тек бір тіл бар, ол – спорттың тілі. Міне, сол тілді керекті негізде игерген баладан үміт зор. Көп ата-ана балалары жарысқа барып, орын алса, маған келіп, алғысын жаудырып жатады. Өрине, жағымды пікірлер тек көңілге қуаныш сыйлайды ғой. Десек те, сол баланың өзін керекті сезініп, белгілі ортаның бір мүшесі болғандығына қуанамын. Сонымен қатар, балалар жарыс, жаттығу барысында өздеріне жақын дос тауып жатады. Ол да мен үшін жетістік. Біздің клубтың ба-

сты қағидасы – мұндағы үлкендер – ағалар, ал, кішілер – інілер. Спорттағы балалардың бауырмал болуы осыдан. Көбі жекпе-жекті түрлі соққылар мен жарақаттарға қарап ұнатпауы мүмкін. Алайда, жекпе-жек спорты баланы, ең алдымен, күнделікті күйбең тірлікке төзімділік танытуға, сабырға баулиды. Оның үстіне жекпе-жек спортында 16 жасқа дейінгі балаларға бастан соққы жасауға қатаң тыйым салынады. Мен шәкірттеріммен алғаш танысқан сәттен бастап, олардан «Мақсатың не алға қойған?» деп, сұраймын. Міне, баланың мақсатын білгеннен соң біз

соған ата-анасымен бірге отырып, ортақ жұмысқа жұмыламыз. Себебі, әр істен нәтиже шығару – ол бапкермен шәкірттің ортақ міндеті, – дейді Зафар Саидов.

Бапкердің айтуынша, әр істің нәтижелі болуы ол өз ісінді сүюден көрінеді. Ал, бапкерліктің түпкі құпиясы – шәкіртке әрдайым қолдау таныту. Біріне – әке, біріне – шеше, ал, енді біріне аға бола білу керек. Тек осылай ғана баланың ішкі жан дүниесін ашып, оның мақсат-мұратына жетуіне көмек беруге болады дейді бапкер. Ол өз шәкірттерін бөліп-жармайды. Барлығын «Сендер менің чемпиондарымысыңдар!» деп арқаландырып, алға ұмтылуға итермелейді. Көп ұлттан құралған шәкірттердің бауырмал болуының да сыры осында секілді. Бапкер олардың қалыбы іспетті, ал, қалыбы қандай болса, ішіндегі ісіп-жетілген нәтижесі де сол кейіпте болары айдап анық.

Бапкермен әңгімелесу барысында көңілге түйген тағы бір маңызды өрнек – спорттың күнделікті өмірге психологиялық тұрғыдан керектігі. Жекпе-жек спорты баланы сабырға, күтуге, бақылауға, төзімділікке шақырады. Ал, көп жағдайда біздер, үлкендер осы негізде сабақ алмағандықтан ба, тағдырдың тар жолында өмірдің алғашқы соққыларына төтеп бере алмай қалып жатамыз. Мұның соңы ашы су, күйзеліс, өмірден түңділуге әкеліп соғатыны бар. Өрине, құпия тек жекпе-жек спортында емес. Жалпы адам спортпен айналыса, оның өзіне де, қоршаған ортасы мен денсаулығына да пайдасы болмаса, зиянын тигізбесі хақ.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арнағар» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕЧЕБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакары: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген етіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalq.kz@gmail.com; ortalq.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalq.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 122 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК